

# ҚАЗАҚ ФАНТАСТИКАЛЫҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ МИФОПОЭТИКАЛЫҚ САРЫНДАР

Ляззат АМИРОВА \*  
Әмина БИДАЙБЕК \*\*

**Аңдатпа:** Мақалада қазақ фантастикалық прозасындағы мифтің орны мен маңызы, ондағы мифологиялық кейіпкерлердің сомдалуы мен трансформациялануы, көркем шығарманың мазмұнын (идеясын) жеткізудегі қызметі және фантастикалық шығарманың басты міндеті және прозалық туындылардағы мифопоэтикалық формалардың көркемдік мүддеге қызмет ететін және авторлық концепцияны, идеяны ашатын эстетикалық құрал екендігі пайымдалады. Әдебиеттегі аңыздық желі, мифологиялық сюжеттер, мотив пен образдар қазақ қаламгерлерінің шығармаларында жиі қолданылып, көркемдік ізденістердің күрделі де белсенді процесі жүргізілді. Мақалада прозалық шығармалардың көркемдік жүйесіндегі мифтік сюжеттердің, сарындардың, образдардың қызметі қарастырылады. Қазақ әдеби процесінің дамуында діни-мифологиялық мотивтердің ықпалы зор болғанымен, оның дамуы да түрлі тарихи, әлеуметтік, әдеби-саяси жағдайларға байланысты біркелкі болмағаны, оған әсер еткен факторлар тұжырымдалады. Фольклортану саласында арнайы аңыз-әңгімелерге, әпсаналарға, мифтік әңгімелерге зерттеу жұмыстары, баяндалады.

*Түйін сөздер:* жазушы, әдебиет, фантастика, дәстүр, кейіпкер

## Mythopoetic Motifs in Kazakh Fantastic Prose

**Abstract:** The article discusses the place and significance of myth in Kazakh fantastic prose, the role and transformation of mythological characters in it, the function of the content (idea) of a work of art and the main task of a work of fiction and the fact that mythopoetic forms in prose works serve the artistic interests and reveal the author's concept, idea. The legendary line, mythological plots, motifs and images in literature were often used in the works of Kazakh writers, and a complex and active process of artistic search was carried out. The article discusses the function of mythical plots, motifs, images in the artistic system of prose works. The article discusses the function of mythical plots, motifs, images in the artistic system of prose works. Although religious and mythological motives had a great influence on the development of the Kazakh literary process, its development was also uneven due to various historical, social, literary and political circumstances, the factors that influenced it are formulated. Since socialist realism, which dominated the literature of the twentieth century for a long time, could not fully meet the artistic demands and demands of Kazakh writers, it is studied that a new aesthetic situation has developed in literature, which wanted a different spirit, freedom of creative thought, and the process of integration of mythopoetics into the artistic system of works is rapidly taking place in modern Kazakh prose. In the field of folklorology, special research works on Legends, Legends, and mythical stories are presented.

*Key Words:* writer, literature, fiction, tradition, hero

## Кіріспе

Бүгінде «Әдебиет майданында фантастика саласы кешеуілдеп дамуда» деген ұғым бар. Ұрпақ санасы Кендебай, Ер Төстік сияқты минут сайын өсетін, отқа салса – жанбайтын, суға салса – батпайтын кейіпкерлермен бірге өсіп, ержетті. Таусоғар мен Көлтауысар, Желаяқ пен Самұрық – жақсы өмірді армандаған халық қиялының жемісі. Бағзыда көпшілік қиялдың ақиқатқа айналуын аңсады. Қазіргі технология қарыштап дамыған уақытта ұшқыр кілемді ұшак пен зымыран, алтын құсатын есекті түрлі банктер мен банкоматтар алмастырып отыр. Ғылым мен техниканың қарқынды дамуына байланысты аңыз ертегілерден құрылымы бөлек жаңа жанр пайда болды. Ол - ғылымның алыс жақын көкжиегін бейнелейтін, тек бейнелеп қана емес, ғылымның келешегіне ой салатын ғылыми-фантастика жанры. Ғылыми-фантастикада (ағылшын тілінде *science fiction*-ғылыми туынды) оқиға қазіргі және өткен дәуірлерден мүлдем ерекшеленетін әлемде орын алады. Мұндай ерекшеліктер технологиялық, тарихи немесе әлеуметтік тұрғыда болуы мүмкін. Онда түрлі ғылыми техникалық жетістіктердің адам өміріне әсері көрсетіліп, көбіне басқа ғаламшарға саяхат пен аспан әлемінде орын алған оқиғалар, роботтар, жаңа технологиялар сипатталады.

\* Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық, университетінің докторанты, Lyako86@mail.ru

\*\* Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық, университетінің магистранты, aminabidaibek@mail.ru

Ғылыми-фантастика өнердегі дербес жанр ретінде ХХ ғасырда қалыптасып прозаның барлық жанрында (роман, повесть, әңгіме, т.б.) қарқынды дамып, көркем әдебиеттің арнаулы саласына айналғанымен, қазақ әдебиетінде өткен ғасырдың алпысыншы жылдарынан бастап *Ақжан Машани, Талап Сұлтанбеков, Төлеш Сүлейменов, Шоқан Әлімбаев, Абдул-Хамит Мархабаев, Медеу Сәрсекке, Жүніс Сахиев, Раушанбек Бектібаев, Шәмшиден Абдраман* шығармалары арқылы қалыптасқанын білеміз.

Ғылыми фантастика – көркем әдебиетте, сондай-ақ кино, кескіндеме, т.б. өнер салаларында қалыптасқан жанр.

Ғылыми фантастиканың әдеби анасы – романтизмдік әдеби дәстүр. Қазақ әдебиетіндегі ғылыми фантастика жанрының алғашқы белгілері болашақты болжай білген данышпан халық қиялының ұшқырлығы тудырған ертегілерде («Ер Төстік», «Ұшқыр кілем» т.б.), аңыздарда («Қорқыт ата», «Баба түкті шашты Әзиз», т.б.) жатыр. Мысалы, «Ер төстіктегі» алты айлық алыстағы сыбырды ести алатын, тауды тауға соғатын, көз ілестірмей зыр жүгіретін, т.б. кейіпкерлер бүгінде реалдыққа айналған техниканы сонау ертенің өзінде-ақ армандау емес пе», – деген болатын.

Ғылыми фантастиканы әр жазушы өзінше тұжырымдайды: орыстың классик қаламгері Антон Ефремовтің: *«Ғылыми фантастика ғылымның «көзі жетпеген» жолын өзінің ұшқыр қиялымен жарықтандырып, оған бағыт сілтеп отыруы тиіс»,* Борис Стругацкийдің: *«Ғылыми фантастика – кез келген ел атаулының жоғары мәдениетін айқындаушы белгі»,* ағылшынның үлгілі қиялгерлері Айзек Азимовтың *«Ғылыми фантастиканы ұнату – қалай десеңіз де түптеп келгенде, адамзат болашағының қамын жеу»* және Рэй Брэдберидің *«Ғылыми фантастика – біздің заманымыздың нағыз маңызды жанры. Одан да бетер: ол – бүгінгі көшбастар жанр»,* ағылшын Артур Кларктың: *«Шындықпен берік байланыстағы жалғыз әдебиет-ғылыми фантастика!»,* поляк Ст.Лемнің: *«Фантастика, меніңше, бәрінен бұрын бүгінгі күннің жыртысын жыртуға борыштар деп білемін».* Қытай қаламгері Жин Тау айтқандай: *«...фантастикалық туынды жазу өте қиын. Жазушыда тамаша әдеби таған болып қана қоймай, ғылымды білуі, ең жақсысы, оның алғы шебінде тұруы, ғылым мен техниканың соңғы жетістіктерінен хабардар болуы керек».* [1, 26]

«Қазақтың Жюль Верні» атанған танымал жазушы-фантаст Жүніс Сахиев «Орал өңірі» газетінде берген сұхбатында: *«...ертегі мен ғылыми фантастиканы ұқсастыруға болмайды. Әр жанрдың орны бөлек. Фантастиканың өзі де фантастика, ғылыми фантастика, фантастикалық юмор, фантастикалық скетч және басқалай болып бөлініп кетеді. Фантастиканың ертегіге ұқсас жерлері болар, ал ғылыми фантастиканың табиғаты ғылым мен шындыққа жуық келеді. Сондықтан да оның жүгі ауыр»,* – десе, жазушы, профессор, Шыңжаң университетінің проректоры, ҚР және ҚХР жазушылар одақтарының мүшесі С.Р.Жанболатов интернет арқылы берген сұхбатында: *«ғылыми фантастиканың рухани тағаны – арғы замандарға тән мифтік аңыздарға, ежелгі эпсаналарға, ауыз әдебиетіне (мысалы, адамзат пен он сегіз мың ғалам ара байланысты түсіндіруге, қоғамның болашақ тағдырына үңілуге және оны болжауға, т.б.) еліктеу. Оған қиял-гажсайыптық, ертегілік қасиет те тән.* [2, 106]

Сонымен, әдебиетіміздегі ғылыми фантастика жанрында бүгінгі күні Медеу Сәрсекенің «Ғажайып сәуле», Талап Сұлтанбековтің «Көшпелі алтын», Шоқан Әлімбаевтың «Данышпандық альфасы», Төлеш Сүлейменовтің «Әл-Фараби көпірі», «Жұлдыз адамы», т.б.

Шахановтың «Көгілдір мұнаралар», Ә.Мархабаевтың «Ғарыштағы қымыз», Н.Кенжеғұлованың «Қиын шешім», М.Гумеровтің «Жұмбақ сәуле», С.Ғаббасовтың «Кәусар», Р.Бектібаевтың «Ионосферадағы алаң» атты повестері мен романдары сынды шығармаларын атауымызға болады.

Ал бүгінгі қазақ әдебиетінде проза, соның ішінде ғылыми фантастика жанрында ерекше орын алып келе жатқан фантаст-жазушы, осы жанрда алғаш ғылыми тұрғыдан қарастырған филология ғылымдарының докторы Абдул-Хамид Мархабаев. Осы жерде академик Зәки Ахметовтың еңбегіне берген пікірі: «...Соншама еңбектің нәтижесінде Мархабаевтың мынандай жаңалықтарға қол жеткізгені байқалады:

а) қазақ әдебиеттану әлемінде автор бірінші боп қазақ ғылыми-фантастикалық жанрын құптарлықтай, дәлелді түрде орынды дәуір-дәуірге бөлген; ә) адамзат санасының елең-алаңындағы тұңғыш творчестволық әдіс-ауызекі әдебиет бүгінгі таңдағы кемелденген ғылыми әлеуметтік фантастика жанрының бастау бұлағы болғаны нанымды дәлелдеген...». Ғалым Серік Қирабаевша айтқанда «тұмса жанрымызға тұңғыштардың сапында енгенімен-ақ, өзінің даралық творчестволық мінезін көрсетіп үлгерген-ді». [3,8] Алмагүл Әлиқызының Абдул-хамид Мархабаевтың 60 жасқа келгенде жазған «Қисыннан қиылған» атты эссесінде фантаст-жазушының «...бүгінде қазақ фантастикасының төрінен табылуы да қисындылық болса керек», қисынсыздыққа тап болған өткен өмірін паш еткен-ді. [4,12]. Қаламгердің өзі айтқандай өткен ғасырдың екінші жартысында гуманитарлық емес мамандарынан болып келген жүгі кереметтей ауыр арбаға – фантастикаға жегілгендердің қатарына қосылды.

Қазақ прозасында сирек қалам тартылатын жанр – фантастикадан өзінің орнын тапқан жазушы кітаптары оқырмандардан оңды бағасын алды. Тәуелсіз қазақ әдебиетінде алар орны ерекше. Жазушылық қадамын фантастикалық повесінен бастаған А.Мархабаев қазақтың алғашқы фантаст-жазушысы атанды. Міне осындай деректі проза жанрына қалам тартып, дамуына үлес қосып, ұрпақтан-ұрпаққа дәстүр қалыптастырған жазушы ретінде танылды.

Фантастикалық әдебиеттің басқа көркем әдебиеттен ерекшелігін А.Мархабаев төмендегідей белгілерімен көрсетеді:

- фантастикалық шығармада орталық бейне – ғаламшардағы түрлі құбылыстар;
- фантастикалық шығарманың басты міндеті – ғылымды насихаттау;
- фантастикалық әдебиет ғылымды туғызса, ғылым фантастиканы туғызады;
- фантастикалық әдебиетте автор басты кейіпкер ретінде ғылыми-фантастикалық идеяны өрбітуші.

Қазақ әдебиетінде ғылыми-фантастика жанры арнайы зерттеліп қарастырылмаған. Алайда, қазақ әдебиетінде ғылыми-фантастикалық проза жоқ, оған арналған зерттеу жұмыстары мүлдем жасалмаған десек артық айтқан болар едік. Жалпы алғанда, «фантастика» сөзінің қазақ тіліндегі баламасы қиял-ғажайып, қиял, тылсым күш секілді. Қиял-ғажайып десе ойымызға бірден қиял-ғажайып ертегілері түсетіні анық. Олай болса зерттеудің түп төркіні халық ауыз әдебиетінде жатқандығын байқауымызға болады. Фальклортану саласында арнайы аңыз-әңгімелерге, эпсаналарға, мифтік әңгімелерге зерттеу жұмыстары жүргізілген. Қазақ фольклорының мақсатты түрде жиналып, хатқа түсе бастауы XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдан басталады. П.И.Рычков, П.С.Паллас, И.Г.Георги, И.Ф.Фальк, И.Г.Андреев XVIII ғасырда қазақ фольклорына қатысты біршама құнды мағлұматтар жинап, жариялады. Қазақ фальклортану ғылымының қалыптасуына қазақ ағартушылары мен оқығандары: Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, С.Бабажанов, Т.Сейдалиев, С.Жантөрин, Б.Дауылбаев, сондай-ақ ресейлік зерттеушілер В.В.Радлов, Г.Н.Потанин, А.А.Алекторов, В.В.Григорьев, А.В.Васильев, И.Н.Березин, Н.И.Ильминский, П.М.Мелиоранский, А.П.Харузин үлкен үлес қосты. [5]

Шын мәніндегі қазақ фальклортану ғылымының іргетасы да осы кезеңде қаланды. Бұл процесс XX ғасырдың бас кезінде одан әрі дамыды. Осы кезеңде белгілі фальклортанушылар Ә.А.Диваев, М.Көпеев еңбектері жарияланды. Сондай-ақ қазақ

фольклорының үлгілері ресейлік басылымдармен қатар қазақ тіліндегі баспасөз беттерінде де үздіксіз жариялана бастады.

Біле білсек, қиял-ғажайып дүниелердің ең озық үлгілері қазақтың халық ауыз әдебиетінде жатыр. Мәселен, ертегілер мен батырлық дастандар арқылы халқымыз өз қиялындағы ержүрек ерлердің қандай мінсіз бейнесін сомдады десеңізші! Керкұла атты Кендебай, Ертөстік, Қобыланды мен Қамбар, Алпамыс сияқты минут сайын өсіп, сағат сайын толысып отыратын, атса, оқ өтпейтін, шапса, қылыш кеспейтін, жүгірген аңға да, ұшқан құсқа да жеткізбейтін, ерекше жаратылған жандар бейнесі, бір есептен алғанда, көп теперіш көрген, талай зұлматты басынан өткерген момын халықтың құрыш білек қорғаушыға мұқтаждығы нәтижесінде соншама тұлғалана түскендігі даусыз. Сондай-ақ ұшқыр кілем, «піс» десе, ішінде тамақ пісе қалатын сиқырлы қазан, «құс» десе, алтын құсатын есек, сауысқанның құйрығын білдірмей жұлып алып, бірінікін біріне ауыстыра қоятын айлакер, Таусоғар мен Көлтауысар немесе жерасты патшалығы мен Күн астындағы Күнікей қыздың елі, бәрі-бәрі – жақсы өмірді арман етіп, жаңалыққа, жақсылыққа ұмтылған қазақ жұртының көреген көңілінің айғағы. Өйткені сан ғасыр бұрын түйін тастап, ұрпақтан-ұрпаққа аманаттала отырып, тереңге тамыр жайған сол арман түптің-түбінде бәрібір ақиқатқа айналды. Яғни бүгінгі заманауи технология ұшқыр кілемді – ұшақ пен зымыран, алтын құсатын есекті – түрлі банктер мен банкоматтар, Таусоғарлар мен Көлтауысарларды ғылыми прогрестің өзге де жетістіктері арқылы негіздеп берді. Бұл фантастиканың бүгіннен гөрі, болашаққа қызмет ететін жанр екендігін көрсетеді. Сондай-ақ ол, біреулер ойлағандай, ғылыми білімнің жай ғана жаршысы болып қоймай, оқырманды ғылыми-әлеуметтік ұғымдар мен түсініктерге бойлатып, қиялын ұштайды, ойын дамытады.

Әсілі, фантастикалық дүниелерді ғылыми прогрестің ізашары деуге болады. Сонымен бірге аса маңызды ғылыми-техникалық жаңалықтарды қабылдауға жұрт санасын дайындауда да бұл жанрдағы шығармалардың көтерер жүгі зор. Мәселен, «космонавт», «космос кораблі» деген ұғымдар миллиондаған адамдардың санасына Юрий Гагариннің ғарышқа ұшарынан көп уақыт бұрын тап сол фантастикалық кітаптар арқылы енген. Фантастиканың мұндай ықпалды күшке ие болу себебін белгілі бір дәрежеде «ғылым барлаушысы» бола білетіндігінен іздеген абзал. Айталық, Алексей Толстойдың «Гиперболоид инженера Гарина» атты белгілі шығармасы Николай Басов, Александр Прохоров тәрізді академиктердің лазерлік техниканы ойлап шығаруы барысында үлкен рөл атқарған. Сол сияқты осыдан біраз жыл бұрын ғана адамның бірнеше сағат бойы су астында болуына мүмкіндік беретін жасанды желбезектер жасалды. Ал бұл жаңалықты көпшілік фантаст-жазушы Александр Беляевтің «Человек-амфибия» романы арқылы осыдан талай жыл бұрын негізделген ойдың іс жүзіне асуы ретінде қабылдады. Қысқасы, бүгінде шындыққа айналып отырған «байланыс спутнигі және галография», «лазер және гендік инженерия» сияқты басқа да көптеген тосын құбылыстар фантаст-жазушылардың бір замандардағы жай тұспалы ғана болатын. Осынау әдеби жанрдың пайдалы әсерін танымал адамдардың көпшілігі мойындады және мойындап та жүр. Мәселен, ғарыштану теориясының пионері К.Э.Циолковскийдің бұл салаға деген қызығушылығы Жюль Верн шығармалары арқылы оянғандығы бәрімізге мәлім. Ал ғарыш кемелерінің атақты конструкторы С.П.Королев фантастикалық әдебиетті терең білген және жоғары бағалаған. Сондай-ақ белгілі ғарышкерлердің дені өздерін ғарыш әлеміне баураған, ынтық еткен фантастика екендігін жасырмайды.

Ғылымдағы секілді, фантастиканың да өзінің мәңгілік тақырыптары бар. Және олар уақыт пен кеңістікке саяхат, жасанды интеллект, жерден тыс әлемдегі өркениет, тіршіліктің басқаша формалары сияқты жұмбақ жайттарды қамтиды. Ең бастысы, өткенге немесе болашаққа қатысты әлдебір әлемнің, белгілі бір сәттің бейнесін кейіптей отырып, фантаст-жазушылар оқырман қиялының көкжиегін мейлінше

кеңейтеді. Фантастикалық шығармалардың міндеті мұнымен ғана шектелмейді. Яғни бұл жанр әлдебір ғылыми жаңалықтың адамның өмірі мен қоғамның дамуына тигізер әсерін көркемдік тұрғыда ұғынуға көмектеседі. Мәселен, қай кезде де ғылыми жаңалықтар бірыңғай жақсылық алып келе бермейді. Кейбір озық ойлардың теріс мақсатта пайдаланылып кететін де кезі жеткілікті. Осы ретте фантастикалық туындылар ғалымдарды ғылым адамына жүктелер бүкіл адамзат пен болашақ алдындағы жауапкершілік жөнінде ойлануға мәжбүрлейтіндігімен де құнды.

#### **ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Мархабаев А-Х. Қазақ қиялы ның «жүріс-тұрыстары» фантастика жанры: тарих және теория: оқу құралы. – Алматы: Жазушы, 2011. – 3 б.
2. Мархабаев А-Х. Қазақ қиялы ның «жүріс-тұрыстары» фантастика жанры: тарих және теория: оқу құралы. – Алматы: Жазушы, 2011. – 13 б.
3. Серік Қирабаев. //Қазақ әдебиеті, 2010, №42, 86
4. Алмагүл Әлиқызы.// Қазақстан мұғалімі 24 маусым, 1998ж, 126
5. Абдул-Хамид Мархабаев.// Қазақ әдебиеті, 2010, №18/19

